

Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы селолық округінің Құркөл ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы селолық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 21 қыркүйектегі № 1-03/02 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 қазанда № 5634 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы селолық округі әкімінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 1-03/08 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы селолық округі әкімінің 29.11.2018 № 1-03/08 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңы 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, Мәмәйт Омаров атындағы селолық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы селолық округінің Құркөл ауылында ірі қара малдың бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Селолық округі әкімінің
міндетін атқарушы
"КЕЛІСІЛДІ"*

Б. Сукер

*"Ақсу қалалық қоғамдық
денсаулық сақтау басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы*

А. Жалелов

*2017 жылғы "21" қыркүйек
"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Ақсу қаласының ветеринария бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы*

К. Амренов

*2017 жылғы "21" қыркүйек
"КЕЛІСІЛДІ"*

"Қазақстан Республикасы"

*Ауылшаруашылығы министрлігінің
ветеринариялық бақылау және қадағалау
Комитетінің Ақсу қалалық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
2017 жылғы "21" қыркүйек*

Г. Батаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК